

**"Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының қызметін жүзеге асырудың қағидаларын бекіту туралы"**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1997 жылғы 22 тамыздағы N 131 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 қазанда тіркелді. Тіркеу N 388. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 418 (V032633) қаулысымен.

*ЕСКЕРТУ. Қаулының атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қаулы етеді :

1. Қазақстан Республикасындағы бағалы Қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының қызметін жүзеге асырудың қағидалары бекітілсін (қоса берілді). <\*>

*ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасына жоғарыда көрсетілген Қағидаларды мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсыну жүктелсін. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

3. Жоғарыда көрсетілген Қағидалардың орындалысына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы атқарушы аппаратының рыногті реттеу басқармасына жүктелсін. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

4. Қағидалар Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енеді. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

Ұ л т т ы қ                      к о м и с с и я с ы н ы ң

Төрағасы

Қазақстан Республикасының  
Бағалы қағаздар жөніндегі  
ұлттық комиссиясының  
1997 жылғы 22 тамыздағы

№ 131 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы  
кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін  
ұйымдарының қызметін жүзеге асырудың қағидалары**

*ЕСКЕРТУ. Туынды нормативтік құқықтық актінің аты жаңа редакцияда - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім), "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарын (бұдан әрі "ӨРҰ" деп аталады) құрудың және қызметін жүзеге асырудың тәртібін белгілейді. <\*>

*ЕСКЕРТУ. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

**1 тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. ӨРҰ - бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының олардың қызметтерін үйлестіру, сондай-ақ олардың жалпы мүдделерін қорғау мақсатында қауымдастық (одақ) нысанында құрылған және Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) ӨРҰ ретінде қызметін жүзеге асыруға лицензиясын иеленген бірлестік.  
< \* >

*ЕСКЕРТУ. 1-тараудың атауы және 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

2. ӨРҰ және коммерциялық емес ұйым болып табылады. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

**3. ӨРҰ негізгі міндеттері:**

1) бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының тиімді қызмет ету жағдайларын қамтамасыз ету және бағалы қағаздар рыногындағы қызмет ә д е б і н с а қ т а у ;

2) бағалы қағаздарды иеленушілердің және бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары клиенттерінің мүдделерін қорғау;

3) бағалы қағаздармен операциялар жүргізу ережелері мен стандарттарын ж а с а у б о л ы п т а б ы л а д ы . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық*

*комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

4. ӨРҰ өз мүшелері үшін міндетті болып табылатын бағалы қағаздар рыногындағы кәсіпқой қызметті жүзеге асыру ережелерін, бағалы қағаздармен операциялар жүргізу стандарттарын белгілейді және олардың сақталуын бақылады жүзеге асырады .

5 . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 5-тармақ алып тасталынды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

## **2-тарау. ӨРҰ-на МҮШЕ БОЛУ**

*ЕСКЕРТУ. 2-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

6. Қазақстан Республикасының заңдарына және ӨРҰ ережелеріне сәйкес бағалы қағаздар рыногындағы қызметтердің біреуін жүзеге асырушы кәсіпқой қатысушылар ӨРҰ-ның мүшелері болып табылады.

7. ӨРҰ-ның мүшелігіне қабылдау, шығу және шығарып тастау тәртібін ӨРҰ оның ішкі құжаттарының негізінде дербес түрде белгілейді.

7-1. ӨРҰ кәсіпқой қатысушыны мүшелігіне қабылдаудан:

1) бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысының Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу фактісі анықталса;

2) бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысы ӨРҰ белгілеген қызмет стандарттарына сәйкес келмесе бас тартуға құқылы.

ӨРҰ-ның мүшелігіне қабылдаудан бас тартылғанда кәсіпқой қатысушыға ӨРҰ белгілеген мерзімдерде жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 7-1-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

7-2. ӨРҰ бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысын өзінің мүшелігінен :

1) мүше Қазақстан Республикасының заңдарын және ӨРҰ-ның ережелерін бұзса ;

2) бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысы лицензиясының қолданылуын тоқтатқан жағдайда шығарып тастауға құқылы.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 7-2-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

7 . 3 . < \* >

7 . 4 . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 7.3, 7.4.-тармақтар алып тасталынды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

## **3-тарау. ӨРҰ-ның ОРГАНДАРЫ**

*ЕСКЕРТУ. 3-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

8. ӨРҰ-ның органдарының тізбесі оның жарғысымен айқындалады. ӨРҰ мүшелерінің оның органдарын сайлау (қалыптастыру) және ӨРҰ-ның қызметін басқаруға қатысу кезінде тек құқықтары болады.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

9. ӨРҰ органдарының құзырлықтары, функциялары, өкілеттіктері және жауапкершіліктері, сондай-ақ оларды сайлаудың (Қалыптастырудың) және қызметінің тәртібі ӨРҰ-ның жарғысымен айқындалады.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

1	0	.	<	*	>
1	1	.	<	*	>
1	2	.	<	*	>
1	3	.	<	*	>
1	4	.	<	*	>
1	5	.	<	*	>

*ЕСКЕРТУ. 10, 11, 12, 13, 14, 15-тармақтар алып тасталынды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

#### **4-тарау. ӨРҰ-ның КІРІСТЕРІ <\*>**

*ЕСКЕРТУ. 4-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

16. ӨРҰ-ның қызметі өзін-өзі өтеу принципіне негізделеді.

17. ӨРҰ-ның кірістері:

- 1) ӨРҰ-ның мүшелері төлеген жарналардан және алымдардан;
- 2) ӨРҰ-ның мүліктерін пайдаланудан;
- 3) ақпараттық кеңес беру және ӨРҰ-ның жарғысымен көзделген өзге де қызметтерді көрсетуден алынған қаражаттардан қалыптастырылады.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

#### **5-тарау. ӨРҰ-ның ҚҰҚЫҚТАРЫ <\*>**

*ЕСКЕРТУ. 5-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

18. ӨРҰ - ы :

- 1) осы Ережеге сәйкес кәсіпқой қызметті жүзеге асырудың ережелері мен стандарттарын, өзінің мүшелерінің бағалы қағаздармен операциялар жүргізулерінің тәртібін әзірлеуге, сондай-ақ олардың сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыруға ;

2) өзінің мүшелерінің лицензияларын тоқтата тұру және қайтарып алу туралы  
Ұлттық комиссия алдында өтінуге;

3) Ұлттық комиссия белгілеген тәртіпте, ол жүзеге асыратын өзінің мүшелерінің қызметтеріне жүргізілген тексерістердің нәтижелері бойынша  
а қ п а р а т а л у ғ а ;

4) Ұлттық комиссия белгілеген тәртіпке сәйкес ӨРҰ мүшелерінің қызметкерлерін дайындауды және сынақтан өткізуді жүзеге асыруға;

5) ӨРҰ белгілеген тәртіпке сәйкес өзінің мүшелерінен олардың қызметтері туралы ақпараттар берулерін талап етуге құқылы.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

19. Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де қызметтерді жүзеге асыруға ӨРҰ құқылы.

#### **6-тарау. ӨРҰ-НЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ <\*>**

*ЕСКЕРТУ. 6-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

20. ӨРҰ-ның Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңдарын және өзінің ережелерін ӨРҰ мүшелерінің сақтауларын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасау керек. ӨРҰ-ның ережелерін Ұлттық комиссия бекітеді. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

21. ӨРҰ-ның Қағидаларында және ережелерінде:  
1 ) < \* >

2) кәсіпқой қатысушылар қызметкерлерінің (техникалық қызметкерлерді қоспағанда) біліктілігіне;

3) кәсіби қызметті және кәсіби әдепті жүзеге асырудың ережелеріне және стандарттарына ;

4) бағалы қағаздардың бағаларымен жасалатын айлашарғыларды шектейтін ережелерге ;

5) ӨРҰ-ның мүшелерінің құжаттамаларын жүргізудің, есепке алудың және есеп берудің ережелеріне ;

6) бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының ұйымына кірудің және шығудың, одан шығарып тастаудың және мүшелікті тоқтата тұрудың тәртібіне ;

7) шығындарды, төлемдерді, алымдарды ӨРҰ-ның мүшелері арасында бөлудің тәртібіне ;

8) ӨРҰ мүшелерінің шағымдары мен арыздарын қараудың тәртібіне;

9) ұйым клиенттерінің шағымдары мен арыздарын қараудың тәртібін қоса отырып, клиенттердің құқықтарын қорғау тәртібіне;

10) ӨРҚ мүшелерінің кәсіби қызметтің және кәсіби әдептің белгіленген стандарттарын сақтауларына бақылау жасаудың тәртібіне;

11) ӨРҰ мүшелеріне, олардың лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне қатысты жазаларға және өзге де шараларға және олардың қолданылу тәртібіне;

12) ӨРҰ мүшелеріне қолданылатын жазалардың және өзге де шаралардың орындалысына жасалатын бақылауға;

13) мүдделі тұлғаларды ӨРҰ-ның қызметі және оның қызметін тексерудің нәтижелері туралы ақпаратпен қамтамасыз етуге;

13-1) банктік, қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда ӨРҰ мүшелерінің қызметі туралы ақпараттың жариялығын қамтамасыз ету ;

14) қауымдастық мүшелерінің және олардың клиенттерінің арасындағы дауларды қараудың рәсіміне;

15) өзінің мүшелерінің лицензияларын қолдануды тоқтата тұру немесе қайтарып алу туралы Ұлттық комиссия алдында өтініш жасаудың тәртібіне қатысты талаптар болу керек. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

## **VII. <\*>**

*ЕСКЕРТУ. 7-тарау (22-24-тармақтар) алып тасталынды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

### **8-тарау. ӨРҰ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ТЕСТІЛЕУ**

*ЕСКЕРТУ. 8-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

25. ӨРҰ-ның қызметкерін сынақтан өткізу оның кәсіби деңгейін айқындау мақсатында жүргізіледі.

26. ӨРҰ мүдделі тұлғаларды Ұлттық комиссияның біліктілік куәліктерін иеленген және ӨРҰ-ның сынағынан өткен ӨРҰ мүшелері қызметкерлерінің тізімімен еркін танысуды қамтамасыз етеді. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 26-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

27. ӨРҰ өзінің мүшелерінің білікті қызметкерлері құрамын және оған енгізілген өзгерістерді есепке алуды жүзеге асырады.

### **9-тарау. ӨРҰ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ БАҚЫЛАУ ЖАСАУ**

*ЕСКЕРТУ. 9-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

2 8 .                   Ө Р Ұ :

1) ӨРҰ мүшелерінің қызметін және қызметтерінің ішкі ережелеріне олардың қолданылып жүрген заңның талаптарына және ӨРҰ-ның ережелеріне



сәйкестілігін

тексеру;

2) есепке алудың, есеп берудің және қойылатын талаптарға бақылау жасаудың жағдайын тексеру енгізілген, ӨРҰ-ның қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады. < \* >

*ЕСКЕРТУ. 28-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

29. Бақылау жасау ӨРҰ-ның бастамасы бойынша, Ұлттық комиссия келісіп ӨРҰ бекітілген және мерзімділік және ӨРҰ-ның барлық мүшелерін тексерістермен қамту көзделген күнтізбелік жұмыс жоспары бойынша жүргізіледі. < \* >

*ЕСКЕРТУ. 29-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

30. Қолданылып жүрген заңдардың бұзылуы туралы ақпарат келіп түскен жағдайда, жоспардан тыс тексерістер жүргізілуі мүмкін.

31. Тексерістің нәтижесі актімен ресімделеді.

32. ӨРҰ-ның мүшелері ӨРҰ-на есептерді және қажетті ақпарат пен құжаттамаларды ӨРҰ белгілеген тәртіпте беру керек.

33. ӨРҰ қызметінің ережелерін оның мүшелерінің бұзғандық фактілері анықталған жағдайда, ӨРҰ заң бұзушыларға жазалар және ӨРҰ ережелерімен белгіленген өзге де шаралар қолданады.

34. Бағалы қағаздар рыногы қатысушыларын алдауға немесе адастыруға бағытталған не бағалы қағаздар рыногының ұқсас қызметпен шұғылданатын басқа да кәсіпқой қатысушыларының жетімсіздіктерін көрсететін анық емес ақпарат жариялау фактісі анықталған жағдайда, ӨРҰ:

1) анық емес жарнаманы және ақпаратты жариялауды тоқтата тұруға шаралар қолданады;

2) анық емес жарнаманы және ақпаратты жариялауды тоқтаудың қажеттілігі туралы жарнама берушіге жазбаша ескертеді және бұл үшін мерзімдер белгілейді;

3) бұқаралық ақпарат құралдарына анық емес жарнама және ақпарат фактілері туралы мәлімет жариялауды. < \* >

*ЕСКЕРТУ. 34-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

35. ӨРҰ барлық анықталған заң бұзушылық немесе Қазақстан Республикасының заңдарын бұзудың жорамалданған фактілері туралы Ұлттық комиссиясына толық ақпарат беруге міндетті. < \* >

*ЕСКЕРТУ. 35-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 23.03.2000 N 69 қаулысымен .*

36. ӨРҰ-ның мүшелерінің, сондай-ақ олардың лауазымды тұлғаларының ӨРҰ-ның әрекеттері жөнінде сотқа шағымдануға құқығы бар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК